

# **Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствoarалық комиссия**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
2017 жылғы 16 тамыздағы № 114-ө өкімі.

## **Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствoarалық комиссиясы туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствoarалық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

4. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

### **2. Комиссияның міндеттері**

5. Комиссияның негізгі міндеті сыртқы сауданы реттеу құралдарын қолдануды, халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуды, халықаралық шарттар жасасуды, үшінші елдермен сауда мәселелерін реттеуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде:

1) кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) уақытша шараларды қоса алғанда, арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақылық шараларды қолданудың орындылығы туралы ұсыныстарды қарау;

3) жауап шараларды қолдану, сондай-ақ халықаралық санкцияларға қатысу шеңберінде қолданылатын шараларды қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) Дүниежүзілік сауда ұйымына және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болу шеңберінде сыртқы сауда мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының келіссөздік ұстанымына ұсыныстар әзірлеу;

5) Дүниежүзілік сауда ұйымының Сауда рәсімдерін жеңілдету бойынша келісімін іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### **3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі**

6. Комиссияның қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.